

Карманова Ж.А., Манашова Г.Н., Батырбекова Л.Д.  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ  
Жумашова С.Е.  
№ 34 НОМ, Қарағанды қаласы

## XXI ҒАСЫР МЕКТЕБІНІҢ ШЕБЕР МҰҒАЛІМІ

Қоғамдағы мамандықтардың ішінен қайсысын алып қарасақта, шеберлікті, тапқырлықты, үнемі ізденісте болуды, ерекше мейірімділікті жалпы айтқанда жан-жақты қабілеттілікті қажет ететін мамандықтың бірі ол – ұстаздық! *«Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер»*, -деп М.Жұмабаев айтқандай ұстаздық мамандық аса жауапкершілікті талап етеді. Яғни ертеңгі ел басқарар азаматтың жан-жақты дамыған тұлға болуы ата-анадан кейін, тікелей мұғалімге байланысты.

Әлемдегі білім беру жүйесі озық елдер «өмірлік білім алу» қағидасынан бас тартып, «өмір бойы білім алу» тұжырымдамасын ұстануда. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспардың мақсаты да соған сай келеді: бұл құжат оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйретуді міндеттейді [1]. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Мұғалім жас ұрпақтың бойындағы іскерлік қабілетін ашып, оларды шығармашылыққа баулуға негіз болады.

Ұлы Абай “Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады”, деп айтқаны белгілі. Жақсы ұстаз - бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеймін және солай болуы тиіс.

XXI ғасыр – ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет, ұлттық бәсеке, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. Жаңаша өмірге бет бұрып, жаңаша ой түзеген егемен еліміздің ұрпағын білім нәрімен сусындататын, саналы тәрбие, сапалы білім беретін жеке тұлға мәдениеті мен кәсіби шеберлігі шындалған мұғалім – ғасыр көшін бастаушы болып табылады. Ұстаз алдындағы басты міндет XXI ғасырдың есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танитын, төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, білімі жоғары, білімді, жан-жақты ақпараттандырылған заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу. Осындай жауапкершіліктерді мойнына алған, бүгінгі заманғы мұғалім, қандай болуы керек деген сұрақ туындайды? Мұғалімнің ерекше кәсіптік және қоғам алдындағы міндеттері барлық уақытта да өзінің қатал әділқазылары – оқушыларының, мүдделі ата-аналардың, кең әлеуметтік қауымның назарында болуы – ұстаз тұлғасы мен оның моральдық келбетіне жоғары талап қояры сөзсіз.

Жаңа тұрпатты мұғалім – адамгершілігі мол, жасампаз, белсенді, экологиялық білімді, шығармашыл тұлға, ол рефлексияға қабілетті, өзін-өзі дамытуға және толық танытуға ұмтылады, әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік-тұлғалық, коммуникативтік, ақпараттық және басқа да құзыреттіліктерді жоғары деңгейде меңгерген. Замануи мұғалім өз пәнін терең меңгерумен шектелмей, педагогикалық үдеріске қатысушылардың орнын көре білетін, оқушының іс-әрекетін ұйымдастыратын, оның нәтижесін алдын ала болжай білетін, болуы мүмкін ауытқуларды түзететін, яғни құзыретті тұлға болуға тиісті [2].

Осы заманғы педагогикалық психологияда қабілеттердің төмендегідей маңызды топтары ажыратылған:

1. Ұйымдастырушылық. Мұғалімнің оқушыларды оқу-танымдық іске тарту, міндеттерді бөлістіру, қызмет жоспарлау, орындалғандарға қорытынды жасау және т.б. ептіліктерінен көрінеді.

2. Дидактикалық. Оқу материалдарын, көрнекі құралдарды, техникалық оқу жабдықтарын жинақтау және дайындау; оқу мазмұнын түсінікті, анық, мәнерлі, нанымды және бірізді баяндау; оқушылардың өздерінің танымдық қызығулары мен рухани қажеттерін дамытуға ынталандыру, олардың оқу-танымдық белсенділігін және т.б арттыру.

3. Түсінім. Мұғалімнің өз шәкірттерінің жан дүниесіне еніп, олардың көңіл-күй кейпін шынайы бағалауға, психикалық ерекшеліктерін тани білуде көрінетін ептіліктері.

4. Қарым-қатынастық. Өз әріптестерімен, оқушылармен, олардың ата-аналарымен, оқу орны жетекшілерімен жақын іскерлік байланыстар түзуде көрінетін мұғалім ептіліктері.

5. Ықпал таныту. Көңіл-күй, ерік әсерлері арқылы оқушыны билеу.

6. Зерттеушілік. Педагогикалық жағдайлар мен үдерістерді шынайы танып, бағалау ептіліктерімен іске асырылатын қабілет.

7. Ғылыми-танымдық. Педагогика психология әдістеме салаларындағы ғылыми жаңалықтарды игере білу қабілеттерімен белгіленеді [3].

Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жан-жақты, әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол әр сөзді оқушыларға жеткізе білуі, олардың толық қабыл алуы. Осыған сәйкес, педагогикалық техника – педагогикалық шеберліктің маңызды элементі болып табылады. Педагогикалық техника – бұл педагогикалық қызметтестік әдістерін тиімді қолдану үшін мұғалімге қажет білім, ептілік, дағдылар жиынтығы. Педагогикалық техниканы меңгеру үшін педагогика мен психология бойынша арнайы білімдерді, ерекше тәжірибелік дайындықты қажет етеді. ең алдымен педагогтың игеретіні – балалармен қарым-қатынас, тілдесу ортақтастығы; оқушылармен орынды сөйлесу мәнері мен ортақтасу мәнерін таңдай білу [4]. Балалармен қарым-қатынастың қарапайым да табиғи болғаны жөн. Мұғалім жасөспіріммен тілдесуде жалған сөз, құрғақ уағыздан аулақ болғаны жөн.

Қазіргі заман мұғалімінің тұлғалық белгісі – ой-өрісінің кеңдігі мен оның ауқымды дүниетанымы. Заман ағымымен теңдей қадам басамын деген әрбір адам өте көп ақпараттан хабардар болуы қажет. Орыс педагогы К.Д.Ушинский «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатса оның мұғалімдігі де жойылады», деп айтқан болатын. Заман талабына сай, әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8 бабында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп [5], ал Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім берудің негізгі міндеттерінің бірі: «Оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын енгізу есебінен тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту» деп атап көрсеткен [6].

Я.А.Коменский тұжырымынша, мұғалімнің басты парызы – өзінің инабаттылығымен, адамдарға деген мейірмен, білім мен еңбеккерлігі және басқа да сапаларымен өз оқушыларына өрнек болып, оларды адами қасиеттерге баулуы тиіс.

XXI ғасырдың шебер мұғалімі мына мәселелерге баса назар аударуы керек:

- біріншіден, жастарымыздың бойындағы ұлттық дүниетанымын дамытып, олардың өз мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-саналарына құрметпен қарауына;
- екіншіден, өзі оқытатын пәнді терең меңгертуге;
- үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы тиіс.

Педагог енді тек оқытумен шектелмей, баланың қалай оқитындығын түсініп, сезінуі керек. Өйткені заманауи білім берудің жаңа міндеті – оқушы тұлғасы бойында шығармашылықпен ойлауға, шешім қабылдаудағы дербестікке, бастамашылдыққа қабілетті қалыптастыру. Мұғалім – жеке көзқарасы бар, соған қарай жігерлі тұлға,

зерттеушілік, ойшылдық, шығармашылық қасиеті бар, әрі оқушысын осы қасиеттері арқылы өз бетінше оқып, ізденіп, кеңейтілген білім алуға үйрете алатын маман болуы керек. Сабақ ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбек етуінен туатын педагогикалық шығарма. Сабақ үстінде небір күрделі қиындықтар, әр түрлі ситуациялар кездеседі. Шебер ұстаз соның бәріне төтеп беріп, ешқандай әрекетке жол бермей, сабақ үрдісін түрлендіріп отыруы керек. Шеберліктің және бір маңызды көрсеткіші – оқушыларды белсенділікке ынталандыра білу, олардың қабілеттерін, дербестігі мен зерделілігін көтере түсу, балаларды сабақ барысында ой толғастыруға ойыстыру. Сабақ кезіндегі көтеріңкі көңіл-күй, өзара түсіністік, достық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін мұғалім әр оқушының мінез-құлқын, темпераментін, жинақылығын, ұстамдылығын және денсаулығын ескеруі керек.

Қорыта айтқанда, бәрі шеберлікке тәуелді. Ал шеберліктің өзі ұзаққа созылған тыңғылықты, өзін жасауға бағытталған мұғалім еңбегінің нәтижесі. Қазіргі заманғы мұғалім – өз кәсібіне рухани күш-жігерін, парасат-қуатын сала білетін жігерлі тұлға, ерекше талантты жан. Ұстаз әр баланың жан-дүниесін танып-білуші әрі, оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі.

#### Әдебиеттер

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың 2012-2016 жж. арналған Ұлттық жоспары. – Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]. - <http://adilet.zan.kz/kaz>
2. Қазақстан үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]. - <http://adilet.zan.kz/kaz>
3. Бабаева С. Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. – Алматы: баспасы, 2013. – 416 б.
4. Столяренко Л.Д. Педагогика, Ростов–на–Дону, «Феникс», 2000.
5. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңы. – Астана: Елорда, 2007.
6. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.

Маева Т.Б., Маженова Р.Б., Медет Г.М.

*Қарағанды қаласының №101 мектеп-лицейі*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

#### МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІ

Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасында бала ойынына үлкен мән берілген. Себебі, ойын – баланың негізгі әрекеті. Бала өмірге келісімен ойын арқылы өзін қоршаған әлемді, табиғатты таниды. Сол арқылы дамиды, өседі. Ойын үстінде игерген білім-білік дағдыларын қолдануға, жетілдіруге мүмкіндік алады. Бағдарламада баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттырып, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болатын сюжеттік-рөлдік ойындарға ерекше орын беріледі [1].

Ойын – баланың өз ынтасынан туған белсенді шығармашылық сипаттағы және жоғары эмоционалдық толыққандылығымен ерекшеленетін еркін, өзіндік іс-әрекет.

Педагогикалық энциклопедияда «Ойын – үлкендердің істерін, олардың арасындағы қарым-қатынастарын қайталайтын балалардың іс-әрекетінің бір түрі... дене, ақыл-ой және адамгершілік тәрбие құралдарының бірі» деп анықтама берілген [2].

Н.П.Аникеева, Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин және т.б. көптеген зерттеушілер: «Ойын – күрделі әлеуметтік мәдени феномен, туғаннан бастап өмірінің соңына дейін бірге жүретін адамның бөлінбес өмірі», - деп айтқан болатын.